

*«Нұр Отан» Халықтық
Демократиялық партиясы
жанындағы «Жас Отан қанаты»
қоғамдық бірлестігінің
ЖАРҒЫСЫ*

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

1. Жалпы ережелер

1.1. «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – «Жас Отан» ЖҚ) – Қазақстан Республикасы азаматтарының әр түрлі әлеуметтік топтардағы жас азаматтардың мүдделерін, оларды мемлекеттік өкілді және атқарушы билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіретін ерікті бірлестігі.

1.2. Толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты» қоғамдық бірлестігі;

орыс тілінде: Общественное объединение «Молодежное крыло «Жас Отан» при Народно-Демократической партии «Нур Отан».

Қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» ЖҚ;

орыс тілінде: МК «Жас Отан» НДП «Нур Отан».

1.3. «Жас Отан» ЖҚ республикалық қоғамдық бірлестік мәртебесіне ие және өз қызметін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асырады.

1.4. «Жас Отан» ЖҚ еріктілік, тең құқылы, өзін өзі басқару және заңдылық принциптеріне сақтай отырып, өз қызметін осы Жарғының негізінде Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңдарына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ жалпы танылған халықаралық құқық принциптері мен нормаларына сәйкес жүзеге асырады.

1.5. «Жас Отан» ЖҚ «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясының идеяларын бөліседі және қолдайды.

1.6. «Жас Отан» ЖҚ органдары ұсынған азаматтық-құқықтық қатынастарда «Жас Отан» ЖҚ меншік құқығында оқшау мүлкі бар заңды тұлға болып табылады; сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өзінің балансы және банктерде шоттары, өзінің атауы мен рәмізі бар мөрі және басқа да деректемелері бар; өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарға ие

болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер, жауап беруші және үшінші тұлға бола алады.

1.7. «Жас Отан» ЖҚ-ның құқық қабілеттілігі мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап пайда болады.

1.8. «Жас Отан» ЖҚ-ның өз рәмізі (жалауы, гимні, логотипі, омырау белгілері) болады.

1.9. «Жас Отан» ЖҚ оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал «Жас Отан» ЖҚ өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

1.10. «Жас Отан» ЖҚ-ның тұрақты жұмыс істейтін басшылық органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Кенесары, 25.

2. «Жас Отан» ЖҚ қызметінің мәні, қызметінің мақсаттары, міндеттері және негізгі бағыттары

2.1. «Жас Отан» ЖҚ қызметінің мәні:

қоғамның саяси өміріне қатысу;

«Жас Отан» ЖҚ-ның бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы жастарының жан-жақты дамуы, олардың рухани-адамгершілік, зияткерлік және нақты әлеуетін, әлеуметтік мәртебесі мен экономикалық жағдайын, саяси, құқықтық, экологиялық және рухани мәдениетін арттыру үшін әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа да жағдай жасау «Жас Отан» ЖҚ-ның негізгі мақсаты болып табылады. «Жас Отан» ЖҚ – «Нұр Отан» ХДП саясатының белсенді жүргізуші, елдегі жастардың жағдайын жақсарту және оны мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешуге жұмылдыру бойынша іс жүзіндегі қадамдарды іске асыру орталығы.

2.2. «Жас Отан» ЖҚ-ның міндеттері:

1) жастарды демократиялық, әлеуметтік әділ қоғам құру процесіне тарту;

2) жастардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін және азаматтық жауапкершілік ұстанымын, республиканың мемлекеттік рәміздеріне, Қазақстан

халқының мәдени мұрасына, тіліне және дәстүрлеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастанр саясатын іске асыруға жәрдемдесу;

4) жастардың саяси экономикалық, әлеуметтік және өзге де құқықтарын қорғау жөніндегі қызметтерге қатысу;

5) жастарды экономикалық, әлеуметтік саланы нығайту, қазақстандық қоғамның демократиялануын арттыру, елдегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты, келісімді, оның тұрақты дамуын сақтап процестеріне тарту;

6) жастар мәдениетін қалыптастыруға, жастардың білім, зияткерлік және кәсіби деңгейін арттыруға жәрдемдесу;

7) салауатты өмір салтын, білім мен еңбекті насихаттау;

8) жастар кәсіпкерлігін дамытуға жәрдемдесу, Қазақстанның жас азаматтарын жұмысқа орналастыруға көмектесу;

9) жастардың әлеуметтік маңызды бастамаларына қолдау көрсету және оларды іске асыру;

10) жастардың тұрмыс жағдайын жақсартуға, рухани және табиғи жетілуіне, спортты, туризмді дамытуға және жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға жәрдемдесу;

11) жастарды аға буынға деген құрмет, қамқорлық және мейірімділік рухта тәрбиелеу;

12) уәкілетті органдарға жастар арасындағы жастар және жасөспірімдер қылмысының, нашарлықтың, токсикоманияның және басқа да ауытқушылықтардың пайда болуының алдын алуда және оларға қарсы күресте жәрдемдесу;

13) дарынды жастарды іздеу, оларға көмек көрсету және ілгерлету;

14) ғылым мен білімнің әртүрлі салаларындағы, мәдениет пен өнер, қоршаған ортаны қорғау салаларындағы жастардың ғылыми-зерттеу, ақпараттық жұмыстарын ұйымдастыру және оларды қолдау;

15) «Нұр Отан» ХДП мен «Жас Отан» ЖҚ-ның бағдарламалық құжаттарында белгіленген олардың міндеттерін халыққа насихаттау және

түсіндіру, «Жас Отан» ЖҚ-ның мақсаттары мен міндеттеріне қолдау көрсетуші жастарды өзінің қатарына тарту;

16) «Жас Отан» ЖҚ мақсаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да міндеттерді жүзеге асыру болып табылады.

2.3. Осы Жарғыда белгіленген негізгі мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін «Жас Отан» ЖҚ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) республикада қоғамдық-саяси тұрақтылықты, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді қолдауға және нығайтуға бағытталған іс-шараларды өткізуге және оларға қатысуға;

2) нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша, сондай-ақ жастар саясаты саласындағы қолданыстағы заңнаманың өзгерістері бойынша қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен және сол көлемде ұсыныстар әзірлеуге қатысуға және оларды тиісті мемлекеттік органдарға енгізуге;

3) қызметі «Нұр Отан» ХДП мен «Жас Отан» «Жас Отан» ЖҚ-ның бағдарламалық құжаттарын, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыруға, қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға ықпал ететін барлық жастар ұйымдарымен ынтымақтастық жасауға;

4) жастар бағдарламаларын, жастар саясаты саласындағы әлеуметтік маңызды жобаларды әзірлеуге, қабылдауға, бекітуге және оларды іске асыруға белсенді қатысуға;

5) еліміздегі жастардың мәдени-бұқаралық, спорт, қайырымдылық және балалар-жасөспірімдер және жастар қозғалыстарын дамытуға бағытталған басқа да іс-шараларды ұйымдастыруға;

6) съездер, конференциялар, кеңестер, семинарлар, симпозиумдар, көрмелер, конкурстар, фестивальдар, концерттер және өзге де іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге;

7) «Нұр Отан» ХДП мен «Жас Отан» ЖҚ қызметінің түрлі бағыттары бойынша үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыруға қатысуға;

8) «Нұр Отан» ХДП мен «Жас Отан» ЖҚ-ның жарғылық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған түрлі қаржы көздерінен қаражат тартуға;

9) басқа елдердің жастар ұйымдарымен, саяси партиялармен және халықаралық ұйымдармен байланыс орнату, оны дамыту және нығайту;

10) соттарды және басқа да мемлекеттік органдарда, өзге де қоғамдық бірлестіктерде өз мүшелерінің заңды мүдделерін білдіруге және оларды қорғауға, қоғамдық пікірді зерделеуге;

11) өз қызметі туралы ақпаратты еркін таратуға;

12) жарғылық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру ісінде мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасауға, жарғылық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін қажетті ақпараттар мен материалдарды мемлекеттік органдардан, ұйымдардан белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

13) жастар, жасөспірімдер мен балалар ұйымдарын құруға бастама жасауға;

14) бұқаралық ақпарат құралдарын құру, баспа қызметін жүзеге асыруға;

15) заңнамада белгіленген тәртіппен банктерде шоттар ашуға;

16) меншікті және жедел басқаруында оқшау мүлкінің, дербес балансы мен сметасының болуына;

17) мүліктік және мүліктік емес құқықтарға ие болуға және оларды жүзеге асыруға;

18) қоғамдық бірлестіктер одағын (қауымдастығын), басқа да заңды тұлғалар құруға, сондай-ақ егер заңнамада өзгеше көзделмесе, халықаралық одақтарға (қауымдастықтарға) қатысушы болуыға;

19) филиалдар мен өкілдіктер ашуға;

20) қаражатты Жарғыда көзделген мақсаттарды жүзеге асыруға пайдалануға;

21) «Жас Отан» ЖҚ кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады. Кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістер «Жас Отан» ЖҚ мүшелері арасында бөлінбейді және қатаң түрде жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

22) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер мен өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

2.4. «Жас Отан» ЖҚ:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ осы Жарғыда көзделген ережелерді сақтауға;

2) өз мүшелерінің олардың құқықтары мен мүддесін қозғайтын құжаттармен, шешімдермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

3) тіркеуші органды ірыңғай мемлекеттік тізілімне енгізілетін мәліметтер көлемінде «Жас Отан» ЖҚ-ның тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жерінің өзгерістері және басшылар жөніндегі деректер туралы хабардар етуге;

4) салық органдарына өз қызметі туралы есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына белгіленген мерзімде және көлемде беруге міндетті.

3. «Жас Отан» ЖҚ-ға мүшелік, мүшелікке өтудің және одан айыру шарты мен тәртібі

3.1. «Жас Отан» ЖҚ-ға мүшелік дара, ерікті және тіркелген болып табылады.

«Жас Отан» ЖҚ мақсаттары мен міндеттерін танитын және қолдайтын және оларды іске асыруға белсенді қатысатын 16 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары «Жас Отан» ЖҚ мүшесі бола алады.

3.2. «Жас Отан» ЖҚ мүшесі 18 жастан бастап «Нұр Отан» ХДП мүшесі бола алады.

3.3. «Жас Отан» ЖҚ-ға қабылдауды азаматтың жазбаша жеке өтінішінің негізінде бастауыш бөлімшенің жиналысы жүзеге асырады.

3.4. «Жас Отан» ЖҚ мүшесіне куәлік және есеп карточкасы толтырылады.

3.5. «Жас Отан» ЖҚ мүшелігіне қабылдау, «Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің куәліктерін рәсімдеу және беру, оның мүшелерін есепке алу тәртібі Орталық кеңес бекіткен тиісті нұсқаулық құжаттармен айқындалады.

3.6. «Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің құқықтары тең мен тең міндеттер атқарады.

3.7. «Жас Отан» ЖҚ мүшелігін тоқтату немесе қатардан шығару туралы

шешімді «Жас Отан» ЖҚ филиалдардың жиналыстары, басқарушы органдары қабылдайды.

3.8. «Жас Отан» ЖҚ мүшелігін тоқтатуға мыналар негіз болады:

- 1) жазбаша жеке өтініші бойынша «Жас Отан» ЖҚ-дан шығу;
- 2) «Жас Отан» ЖҚ беделін түсіретін іс-қимылдар жасау; осы Жарғының, «Жас Отан» ЖҚ-ның бағдарламалық құжаттарының талаптарын, «Жас Отан» ЖҚ-ның басшылық органдарының шешімдерін орындамау;
- 3) жасалған қылмысы үшін, сот үкімі заңды күшіне енгеннен кейін;
- 4) жемқорлық әрекеттер;
- 5) «Нұр Отан» ХДП-ға қатысты балама партияның қатарына кіру;
- 6) азаматтықтан айырылу, тұрақты тұру үшін елден тыс жерге кету;
- 7) заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз деп танылғанда;
- 8) қайтыс болуы;
- 9) «Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің өздеріне берілген мүлікке, оның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары жоқ.

4. «Жас Отан» ЖҚ мүшелерін есепке алу тәртібі

4.1. «Жас Отан» ЖҚ мүшелерін есепке алу есеп карточкасының негізінде де, сондай-ақ электрондық деректер қоры мен «Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің тізімі негізінде де жүзеге асырылады.

4.2. «Жас Отан» ЖҚ мүшелерін есепке алу:

«Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің тізімі мен электронды деректер қоры бойынша - облыстық, Астана, Алматы қалаларының, қалалық, аудандық филиалдарында;

бастауыш бөлімшелерде – тізім бойынша жүргізіледі;

4.3. Мүшелерді орталықтандырылған есепке алуды «Жас Отан» ЖҚ Атқарушы хатшылығы жүзеге асырады.

5. «Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

5.1. «Жас Отан» ЖҚ мүшесінің:

- 1) «Жас Отан» ЖҚ-ның барлық органдарына сайлауға және сайлануға;
- 2) шешімдер тұжырымдауға қатысуға, өз ойын еркін білдіруге, «Жас Отан» ЖҚ қызметінің мәселелерін талқылауға, «Жас Отан» «Жас Отан» ЖҚ-ның қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өз ұсыныстарын басшылық органдардың қарауына ауызша немесе жазбаша нысанда енгізуге;
- 3) «Жас Отан» ЖҚ-ның қызметі туралы ақпараттарды алуға, өзінің құқықтары мен мүддесіне қатысты құжаттармен және шешімдермен танысуға;
- 4) «Жас Отан» ЖҚ мүшелігінен шығу туралы мәселені дербес шешуге құқықығы бар.

5.2. «Жас Отан» «Жас Отан» ЖҚ-ның мүшесі:

- 1) осы Жарғының талаптарын орындауға;
- 2) «Жас Отан» ЖҚ-ның мақсаттары мен міндеттерін түсіндіруге және қорғауға;
- 3) «Жас Отан» ЖҚ-ның жұмысына тікелей қатысуымен, жеке іс-қимылымен және әрекетімен «Жас Отан» ЖҚ-ға қатыстылығын дәлелдеуге және жастар арасында оның беделі мен ықпалының артуына қол жеткізуге;
- 4) «Жас Отан» ЖҚ басқару органдарының шешімдерін орындау және орындауына белсенді жәрдемдесуге;
- 5) «Жас Отан» ЖҚ қызметіне қатысты мәселелерді шешу бойынша өз ұсыныстарын енгізуге;
- 6) тәртіп сақтауға, ұйымдастыру бірлігін нығайтуға, бастамалар көрсетуге;
- 7) «Жас Отан» «Жас Отан» ЖҚ-ның қатарына жаңа мүшелерді тарту бойынша жұмыстар жүргізуге;
- 8) «Жас Отан» ЖҚ өткізетін іс-шараларға белсенді қатысуға;
- 9) «Жас Отан» ЖҚ-ға моралдық және материалдық зиян келтіретін іс-

қимыл жасауға жол бермеуге міндетті.

6. «Жас Отан» ЖҚ-ның ұйымдық құрылымы, құрылымдық бөлімшелерінің құқықтық жағдайы

6.1. «Жас Отан» ЖҚ-ның ұйымдық құрылымы аумақтық қағидат бойынша заңнамаға сәйкес құрылады. Облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, қалалар мен аудандарда «Жас Отан» ЖҚ-ның тиісті филиалдары құрылады.

6.2. «Жас Отан» ЖҚ-ның филиалдары барлық облыстарда, республикалық маңызы бар қалада, және астанада құрылады.

6.3. «Жас Отан» ЖҚ-ның филиалдарының нысанын Орталық кеңес айқындайды.

6.4. Филиалдарды тіркеу қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізіледі.

6.5. «Жас Отан» ЖҚ ұйымдық негізін кемінде үш адам болғанда құрылатын бастауыш бөлімшелер құрайды.

Ұйымның бастауыш бөлімшелері «Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің тұрғылықты жері бойынша, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын қоспағанда, әр түрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы ұйымдарда құрылады.

Бастауыш бөлімшелерді ауылдық округтердің, сайлау округінің немесе учаскесінің шегінде құруға жол беріледі.

Бастауыш бөлімшенің ішінде «Жас Отан» ЖҚ топтары құрылуы мүмкін. Бастауыш бөлімшені құру туралы шешімді «Жас Отан» ЖҚ-ның аудандық (қалалық) кеңесі қабылдайды. Аудандық (қалалық), облыстық, Астана және Алматы қалалық филиалдарын құру туралы шешімді «Жас Отан» ЖҚ Атқарушы хатшылығы қабылдайды.

6.6. «Жас Отан» ЖҚ-ның облыстық, қалалық, аудандық және бастауыш құрылымдарының қызметіне «Жас Отан» ЖҚ-ның басшылығы жетекшілік жасайды, «Жас Отан» ЖҚ-ның тиісті деңгейдегі Атқарушы хатшылары үйлестіреді.

6.7. «Жас Отан» ЖҚ филиалдары өз қызметінде «Жас Отан» ЖҚ Жарғысын және бағдарламалық құжаттарды, жоғарыда тұрған органдардың шешімдерін басшылыққа алады және «Жас Отан» ЖҚ-ның мүлкін иеленеді.

6.8. «Жас Отан» ЖҚ филиалдары жоғарыда тұрған органдардың шешімдерін орындауға міндетті.

7. «Жас Отан» ЖҚ басқарушы органдарын қалыптастыру тәртібі, құзыреті мен өкілеттік мерзімі

7.1. Съезд «Жас Отан» ЖҚ-ның жоғары басшылық органы болып табылады.

«Жас Отан» ЖҚ съезі «Жас Отан» ЖҚ Орталық кеңесінің шешімі бойынша төрт жылда бір рет немесе қажеттілігіне орай шақырылады.

«Жас Отан» ЖҚ съезі оған делегаттардың кем дегенде үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда құқылы деп танылады. Делегаттар «Жас Отан» ЖҚ-ның облыстық, Астана және Алматы қалалық филиалдарының конференцияларында сайланады. Жекелеген жағдайларда «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалдарының делегаттары «Жас Отан» ЖҚ Атқарушы хатшысының шешімі бойынша «Жас Отан» ЖҚ-ның барлық қалалық және аудандық филиалдары (бұдан әрі – аудандық (қалалық) филиалдары) өкілдерінің қатысқан кезде өтетін «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалдарының кеңестерінің отырыстарында сайланады.

Съезд шешімдері қатысушы делегаттардың басым дауысымен қабылданады.

Дауыс беру нысанын Съезд айқындайды.

7.2. Орталық кеңес «Жас Отан» ЖҚ-ның басқарушы органы болып табылады.

«Жас Отан» ЖҚ Орталық кеңесі жастар саясатын іске асыру мақсатында және Съездер аралығындағы кезеңде «Жас Отан» ЖҚ филиалдарының қызметіне басшылық жасау мақсатында құрылады. Орталық кеңес Съезге есеп береді.

Орталық кеңестің құрамына «Жас Отан» ЖҚ съезінде сайланатын «Жас Отан» ЖҚ филиалдардың өкілдері және басқа да жастар ұйымдарының белсенділері мен көшбасшылары кіреді.

Орталық кеңес өкілеттілігінің мерзімі – 4 жыл.

7.3. «Жас Отан» ЖҚ облыстық және қалалық (аудандық) филиалдарының жоғары басшылық органы тиісті конференциялар болып табылады.

Конференция «Жас Отан» ЖҚ тиісті филиал кеңесінің шешімі бойынша қажет болған жағдайда, алайда екі жылда бір рет шақырылады.

Конференция оның жұмысына делегаттардың кемінде үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда құқылы деп танылады.

«Жас Отан» ЖҚ конференцияларының шешімдері қатысушы делегаттардың басым дауысымен қабылданады.

Облыстық филиалдар конференцияларының делегаттары «Жас Отан» ЖҚ аудандық (қалалық) филиалдарының конференцияларында, жекелеген жағдайларда («Жас Отан» ЖҚ Атқарушы хатшысының келісімі бойынша) «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалының Атқарушы хатшысының шешімі бойынша сайланады. Облыстық филиалдар конференцияларының делегаттары «Жас Отан» ЖҚ аудандық (қалалық) филиалдарының конференцияларында, жекелеген жағдайларда «Жас Отан» ЖҚ аудандық филиалдарының делегаттары «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалының Атқарушы хатшысының шешімі бойынша «Жас Отан» ЖҚ-ның тиісті бастауыш бөлімшелері өкілдерінің қатысуымен өтетін «Жас Отан» ЖҚ аудандық филиалының кеңестерінде сайланады.

7.4. «Жас Отан» ЖҚ-ның облыстық, Астана мен Алматы қалаларының және аудандық (қалалық) филиалдарының басшылық органдары «Жас Отан» ЖҚ-ның тиісті филиалдардың кеңестері болып табылады.

«Жас Отан» ЖҚ-ның облыстық филиалдары кеңесінің құрамы «Жас Отан» ЖҚ Атқарушы хатшысының келісімі бойынша «Жас Отан» ЖҚ-ның облыстық филиалдардың конференциясында сайланады. «Жас Отан» ЖҚ-ның қалалық (аудандық) филиалдары кеңесінің құрамы «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалдардың Атқарушы хатшысының келісімі бойынша қалалық (аудандық) филиалдарының конференциясында сайланады.

8. «Жас Отан» ЖҚ-ның басшылық

органдарының өкілеттіктері

8.1. Съезд «Жас Отан» ЖҚ қызметінің барлық мәселелерін шешу құқығына ие.

Съездің айырықша құзыретіне мыналар жатады:

1) «Жас Отан» ЖҚ Жарғысын қабылдау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) «Жас Отан» ЖҚ қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;

3) «Жас Отан» ЖҚ-ның Орталық кеңес мүшелерін сайлау және босату;

4) «Нұр Отан» ХДП саяси кеңесі бюросының келісімі бойынша «Жас Отан» ЖҚ Атқарушы хатшысын сайлау және босату;

5) заң актілерінде белгіленген шекте коммерциялық емес ұйымның басқа заңды тұлғаларды, сондай-ақ өз филиалдары мен өкілдіктерін құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау мәселелері жатады;

6) «Жас Отан» ЖҚ-ның рәміздерін (эмблемаларын, туын, гимнін және омыру белгісін бекіту, Съездер арасындағы кезеңде «Жас Отан» ЖҚ-ның рәміздері кейіннен Съезде бекіту үшін «Жас Отан» ЖҚ-ның Орталық кеңесінің шешімімен бекітілуі мүмкін.

7) «Жас Отан» ЖҚ жұмысы туралы Орталық кеңес мүшелерінің және Атқарушы хатшының есептерін тыңдау;

8) «Жас Отан» ЖҚ-ның рәміздеріне олардың нысаны мен мазмұны бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

8.2. «Жас Отан» ЖҚ Орталық кеңесінің құзыреттеріне мыналар жатады:

1) Съезд шешімдерінің орындалуына жалпы басшылықты және олардың іске асырылуына бақылауды жүзеге асыру;

2) «Жас Отан» ЖҚ-ның облыстық, Астана, Алматы қалалары филиалдарының жұмыстарын үйлестіру;

3) жастар саясатының әртүрлі бағыттары бойынша мәселелерді талқылау және олар бойынша шешімдер әзірлеу;

4) сайлау және басқа да қоғамдық-саяси науқандарға «Жас Отан» ЖҚ-ның қатысуымен байланысты мәселелерді шешу;

5) «Жас Отан» ЖҚ-ның басқа органдарының құзыретіне жатпайтын өзге

де функцияларды жүзеге асыру.

«Жас Отан» ЖҚ Орталық кеңесі өз жұмысын жүйелілік, мәселелерді ұжымдық талқылау және шешу, жариялылық және өз мүшелерінің ауқымды бастамасы принципі негізінде жүзеге асырады.

Орталық кеңестің жұмысы жылына кем дегенде екі рет өткізілетін отырыс нысанында жүргізіледі. Орталық кеңестің отырысы оның мүшелерінің кем дегенде үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда құқылы деп танылады. Атқарушы хатшының бастамасы бойынша шұғыл шешімдер қабылдау кезінде қажет болған жағдайда Орталық кеңес отырысы сырттай жүргізіледі.

Орталық кеңес мүшелері кеңестің қызметіне ауысу құқығынсыз қатысады, кеңес мүшелері айырықша пікір білдіруге құқылы, мұндай жағдайда оның ерекше пікірі жазбаша түрде мазмұндалады және Орталық кеңес отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

Орталық кеңесте қаралатын мәселелер бойынша отырысқа қатысушы мүшелердің басым дауысымен тиісті шешім қабылданады.

8.3. «Жас Отан» ЖҚ-ның облыстық, Астана мен Алматы қалаларының филиалдары кеңесінің қызметіне басшылықты ұсынылатын кандидаттар арасынан және «Жас Отан» ЖҚ-ның Атқарушы хатшысы бекітетін «Жас Отан» ЖҚ-ның тиісті конференцияларында сайланатын Атқарушы хатшылар жүзеге асырады. «Жас Отан» ЖҚ кеңестерінің және қалалық (аудандық) филиалдары қызметіне басшылықты ұсынылатын кандидаттар ішінен және «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалдары Атқарушы хатшысы бекітетін «Жас Отан» ЖҚ-ның тиісті конференцияларында сайланатын Атқарушы хатшылар жүзеге асырады.

8.4. «Жас Отан» ЖҚ Атқарушы хатшысы (бұдан әрі – Атқарушы хатшы):

- 1) Съезді ұйымдастыру және оны өткізуді қамтамасыз етеді;
- 2) Орталық кеңестің отырысын шақырады;
- 3) «Жас Отан» ЖҚ-ның қызметіне қатысты мәселелерді Орталық кеңестің қарауына енгізеді;
- 4) «Жас Отан» ЖҚ-ның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 5) «Жас Отан» ЖҚ-ның атынан мәлімдеме жасайды;
- 6) Съезде және Орталық кеңестің отырыстарында төрағалық етеді;

7) Съезде өз қызметі туралы есеп береді;

8) Орталық кеңес мүшелерімен, «Жас Отан» ЖҚ-ның облыстық Астана мен Алматы қалаларының филиалдарының Атқарушы хатшыларымен отырыстар және кеңестер өткізеді;

9) «Жас Отан» ЖҚ облыстық, Астана мен Алматы қалалары филиалдарының Атқарушы хатшыларын бекітеді, қажет болған жағдайда оларды атқарып отырған лауазымынан босатады;

10) «Жас Отан» ЖҚ қызметінің мәселелері бойынша үкіметтік емес, ғылыми ұйымдармен, мемлекеттік органдармен және өзге де мекемелермен өзара қатынас жасайды;

11) «Жас Отан» ЖҚ-ның облыстық, Астана мен Алматы қалалары филиалдарының құрылымдарын жетілдіру бойынша шешімдер қабылдайды;

12) Жастар Парламентпен, Жастар Үкіметімен, басқа да жастар ұйымдарымен бірлескен жұмыстарды ұйымдастырады;

13) «Жас Отан» ЖҚ органдарының лауазымды тұлғаларына үшінші тұлғалармен қатынастарда, оның ішінде сот органдарында «Жас Отан» ЖҚ мүдделерін білдіру құқығына сенімхат береді;

14) Съездің айрықша құзыретіне жатпайтын «Жас Отан» ЖҚ қызметінің барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдай алады, бұйрықтар, өкімдер шығарады, шарттарға, қаржылық және өзге де құжаттарға қол қояды, меморандумдар жасайды, заңнамаға сәйкес «Жас Отан» ЖҚ органдарының қызметкерлерін қабылдау және жұмыстан шығару құқығына ие.

15. Атқарушы хатшының штаттық кестесін бекітеді.

«Жас Отан» ЖҚ Атқарушы хатшысы Съезге, «Нұр Отан» ХДП Төрағасының Бірінші орынбасарына, «Нұр Отан» ХДП Орталық аппаратының жастар мәселелеріне жетекшілік ететін басшылығына есеп береді.

Атқарушы хатшы өкілеттігінің мерзімі – 2 жыл.

8.5. «Жас Отан» ЖҚ қызметін қамтамасыз ету үшін құрылымдық бөлім – Атқарушы хатшылық (бұдан әрі – Атқарушы хатшылық) құрылады.

«Жас Отан» ЖҚ Атқарушы хатшылығы «Жас Отан» ЖҚ жоғары және басшылық органының құзыретіне жататыннан басқа «Жас Отан» ЖҚ қызметінің ұйымдастырушылық мәселелерін шешуге құқылы.

8.6. Атқарушы хатшылық басшысы Атқарушы хатшының іссапар, еңбек демалысына байланысты болмауы, лауазымнан кетуі жағдайында оның міндеттерін орындайды.

Атқарушы хатшының лауазымнан кетуі жағдайында Атқарушы хатшылық басшысы Съезде жаңа Атқарушы хатшыны сайлағанға дейін Атқарушы хатшының міндеттемесін орындайды.

8.7. «Жас Отан» ЖҚ Атқарушы хатшылығының құзыретіне мыналар жатады:

1) «Жас Отан» ЖҚ құрылымдық филиалдарының, Жастар Парламентінің, Жастар Үкіметінің және басқа да жастар ұйымдардың жұмыстарын олармен келісім бойынша үйлестіру;

2) «Жас Отан» ЖҚ облыстық, Астана мен Алматы қалалары филиалдары Атқарушы хатшыларының қызметіне ағымдағы және жедел басшылықты жүзеге асыру;

3) Съезд, Орталық кеңес отырыстарында қарау үшін мәселелер мен құжаттарды дайындау;

4) «Жас Отан» ЖҚ қызметі туралы бағдарламалар мен құжаттар жобаларын ұйымдастыру, әзірлеу және басшылықтың қарауына ұсыну;

5) «Жас Отан» ЖҚ Съезінің, Орталық кеңесінің, Атқарушы хатшысының шешімдерін орындауды қамтамасыз ету және олардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру;

6) жастар қоғамдық бірлестіктерімен өзара қарым-қатынас жасау;

7) халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру;

8) «Жас Отан» ЖҚ облыстық, Астана мен Алматы қалалары филиалдарының Атқарушы хатшыларын ауыстыру бойынша ұсынымдарды қоса алғанда, «Жас Отан» ЖҚ құрылымдық бөлімшелерінің қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстарды «Жас Отан» ЖҚ Атқарушы хатшысының қарауына енгізу;

9) «Жас Отан» ЖҚ мүшелерін есепке алу және «Жас Отан» ЖҚ құрылымдық бөлімшелерінің қызметі бойынша бірыңғай деректер қорын қалыптастыру;

10) жастар саясатын іске асыру бойынша мониторинг және талдау

жүргізу;

11) өзге де мәселелерді шешу.

9. «Жас Отан» ЖҚ облыстық, Астана мен Алматы қалалары филиалдарының басшылық органдарының өкілеттіктері

9.1. «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалының конференциясының құзыретіне мыналар жатады:

1) «Жас Отан» ЖҚ Атқарушы хатшысының келісімі бойынша немесе ұсынысы бойынша кеңестердің мүшелерін және «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалдарың Атқарушы хатшысын сайлау және босату;

2) «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалдарың кеңестері мүшелерінің және Атқарушы хатшысының есептерін тыңдау;

9.2. «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалдарың кеңесінің құзыретіне мыналар жатады:

1) Съездің, Орталық кеңестің, облыстық конференцияның шешімдерін орындау бойынша жалпы басшылықты және олардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру;

2) «Жас Отан» ЖҚ қалалық (аудандық), бастауыш бөлімшелерінің жұмыстарын үйлестіру;

3) «Жас Отан» ЖҚ-ның басқа органдарының құзыретіне жатпайтын өзге де функцияларды жүзеге асыру.

9.3. «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалдың Атқарушы хатшысы:

1) «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалдың кеңесінің отырысын шақырады;

2) «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалы кеңесінің қарауына «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалы кеңесінің қызметіне қатысты мәселелерді енгізеді;

3) «Жас Отан» ЖҚ Съездерінің, Орталық кеңесінің, Атқарушы хатшысының, «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалдарының басшылық органдарының, конференциясының және кеңесінің шешімдері мен тапсырмаларын орындауды қамтамасыз етеді;

4) «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиал қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады;

5) «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиал атынан өтініш жасайды;

6) «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиал кеңесінің мүшелерімен, қалалық (аудандық) филиалдардың атқарушы хатшыларымен мәжілістер және кеңестер өткізеді;

7) «Жас Отан» ЖҚ қалалық (аудандық) филиалдарының атқарушы хатшыларының баяндамаларын тыңдайды, қажет болған жағдайда олардың атқаратын қызметіне сәйкестігі туралы мәселені қалалық (аудандық) конференцияларға шығарады;

8) өңірде жастар саясатын қалыптастыруға және жүзеге асыруға қатысады;

9) «Жас Отан» ЖҚ-ның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін нақты жоспарларды, бағдарламалар мен іс-шараларды іске асырады;

10) «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалдың конференциясында өз қызметі туралы есеп береді;

11) «Жас Отан» ЖҚ-ның облыстық филиалдың кеңесінің мәжілісін ашады және оған төрағалық етеді.

10. «Жас Отан» ЖҚ қалалық (аудандық) филиалдарының басшылық органдарының өкілеттіктері

10.1. «Жас Отан» ЖҚ-ның қалалық (аудандық) конференциясының құзыретіне мыналар жатады:

1) «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалдың Атқарушы хатшысының келісімі бойынша «Жас Отан» ЖҚ-ның қалалық (аудандық) филиалдың кеңестерінің мүшелері мен Атқарушы хатшысын сайлау және жұмыстан босату;

2) «Жас Отан» ЖҚ-ның қалалық (аудандық) филиалдың кеңестерінің мүшелері мен Атқарушы хатшысының есептерін тыңдау.

10.2. «Жас Отан» ЖҚ-ның қалалық (аудандық) кеңесінің құзыретіне

мыналар жатады:

1) «Жас Отан» ЖҚ съездерінің, Орталық кеңесінің, конференциясы мен облыстық филиал кеңесінің, «Жас Отан» ЖҚ-ның қалалық (аудандық) конференциясының шешімдерін орындау бойынша жалпы басшылықты жүзеге асыру;

2) «Жас Отан» ЖҚ-ның бастауыш бөлімшелерінің жұмысын үйлестіру;

3) «Жас Отан» ЖҚ-ның басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған өзге де функцияларды жүзеге асыру.

10.3. «Жас Отан» ЖҚ-ның қалалық (аудандық) филиалының Атқарушы хатшысы:

1) «Жас Отан» ЖҚ-ның қалалық (аудандық) филиалдың кеңесінің мәжілістерін шақырады;

2) «Жас Отан» ЖҚ-ның қалалық (аудандық) филиалдың кеңесінің қызметіне жататын мәселелерді «Жас Отан» ЖҚ-ның қалалық (аудандық) филиалдың кеңесінің қарауына шығарады;

3) «Жас Отан» ЖҚ Съездерінің, Орталық кеңесінің, атқарушы хатшысының, «Жас Отан» ЖҚ өңірлік, қалалық (аудандық) филиалдың конференциялары мен кеңестерінің шешімдері мен тапсырмаларын орындауды қамтамасыз етеді;

4) «Жас Отан» ЖҚ-ның қалалық (аудандық) филиалдың қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады;

5) «Жас Отан» ЖҚ-ның қалалық (аудандық) филиалдың атынан өтініш жасайды;

6) «Жас Отан» ЖҚ-ның қалалық (аудандық) филиалдың мүшелерімен, бастауыш бөлімшелерінің Атқарушы хатшыларымен, мәжілістер мен кеңестер өткізеді;

7) «Жас Отан» ЖҚ-ның бастауыш бөлімшелерінің Атқарушы хатшыларының баяндамаларын тыңдайды, қажетіне қарай және облыстық филиалдың Атқарушы хатшысының келісімімен олардың атқаратын лауазымдарына сәйкестігісі туралы мәселені бастауыш бөлімшелердің жиналыстарына шығарады;

8) өңірде жастар саясатын қалыптастыруға және жүзеге асыруға

қатыспады;

9) «Жас Отан» ЖҚ мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін «Жас Отан» ЖҚ-ның нақты жоспарларын, бағдарламалары мен іс-шараларын іске асырады;

10) «Жас Отан» ЖҚ-ның қалалық (аудандық) конференциясында өз қызметі туралы есеп береді;

11) «Жас Отан» ЖҚ қалалық (аудандық) филиалдың кеңесінің мәжілісін ашады және оған төрағалық етеді.

**11. «Жас Отан» ЖҚ-ның ақша қаражаты мен өзге де мүлкін
қалыптастыру көздері, «Жас Отан» ЖҚ мен оның құрылымдық
бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің)
мүлікті басқару жөніндегі құқықтары**

11.1. «Жас Отан» ЖҚ-ның қаражаты:

«Жас Отан» ЖҚ мүшелерінен түсетін түсімдер (мүшелік жарналар);

жеке және заңды тұлғалардың ерікті мүлдіктік жарналары, шетел капиталының қатысуымен құрылған немесе құрамында Қазақстан Республикасының резидент еместерінің құрылтайшылары бар орталық атқарушы орган белгілеген тәртіпте жүзеге асырылатын, мемлекеттің алдындағы салықтық міндеттемелердің орындалуына салықтық бақылауды қамтамасыз ететін діни бірлестіктер мен заңды тұлғаларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес ұйымдарының қайырымдылықтары, егер бұл қайырымдылықтар құжатпен расталған және алу көздері көрсетілген болса;

заңнамалық белгіленген жағдайларда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізуден түскен түсімдер (кірістер);

акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар мен үлестер (депозиттер) бойынша алынған дивиденттер (кірістер, сыйақылар (мүдделер));

заңда тыйым салынбаған басқа да түсімдер есебінен қалыптасады.

«Жас Отан» ЖҚ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіпте осы Жарғыда көзделген қызметті материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті мүлікті иеленеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған объектілерді қоспағанда, оның өз қаражаты есебінен құрылған ұйымдарды ұстай алады.

«Жас Отан» ЖҚ-ның облыстық, Астана, Алматы қалалық филиалдың банктерде өз есеп шоттары болады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекемелер өткізетін мемлекеттік сатып алу конкурстарына қатысуға құқықтары бар.

«Жас Отан» ЖҚ мен облыстық, Астана, Алматы қалалық филиалдың ақшасының, мүлкінің меншік иесі «Жас Отан» ЖҚ болып табылады.

«Жас Отан» ЖҚ-ның қаржы қаражаты мен өзге де мүлкі «Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің арасында бөлінбейді және жарғылық мақсаттарға сәйкес жұмсалады.

«Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің «Жас Отан» ЖҚ мүлкіне қатысты құқықтары жоқ.

11.2. «Жас Отан» ЖҚ-ның мүшелері ай сайын ерікті түрде жарна төлейді. Мүшелік жарнаны төлеу және одан алынған қаражатты есепке алу және пайдалану тәртібін Орталық кеңес бекітеді.

Жарналар «Жас Отан» ЖҚ-ның облыстық, Астана, Алматы қалалық филиалдың мен бастауыш ұйымдарының шығыстарын жабуға жұмсалады.

11.3. Ақша қаражатының түсуі, оларды және өзге де мүлікті «Жас Отан» ЖҚ-ның құрылымдық бөлімшелерінің пайдалануын бақылау-тексеру комиссиясы тексереді;

11.4. «Жас Отан» ЖҚ салық органдарына өзінің қаржылық қызметі туралы есепті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде және көлемде тапсырады.

11.5. «Жас Отан» ЖҚ-ның облыстық, Астана, Алматы қалалық филиалдары ай сайын Атқарушы хатшылыққа белгіленген нысан бойынша қаржылық есеп тапсырады.

11.6. «Жас Отан» ЖҚ мен Астана, Алматы қалалық филиалдың лауазымды тұлғалары «Жас Отан» ЖҚ-ның ақша қаражаты мен мүлкінің сақталуы мен орынды жұмсалыуына жауап береді.

11.7. Қаржы ресурстарын жинақтау және материалдық-техникалық базаны дамыту мақсатында, жарғылық қызметті белгіленген заңнамалық тәртіпте жүзеге асыру үшін «Жас Отан» ЖҚ:

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кәсіпкерлік және шаруашылық қызметтерді жүзеге асыруға, шарттар жасасуға, мәмілелер жасауға;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, көлік құралдарын, өзге де мүлікті жалдауға, жалға беруге;

мәмілелер жасауға, шарттар жасасуға, өзіне міндеттемелер алуға, басқа ұйымдардың сенімхаты бойынша әрекет жасауға;

өз қызметін құрылған шараушалық субъектілерімен бірлесіп жүзеге асыруға;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға.

11.8. «Жас Отан» ЖҚ-ның өз қаражатын қайырымдылық мақсаттарға жұмсауына рұқсат етіледі.

11.9. Азаматтар мен мемлекеттік емес ұйымдардың қайырымдылықтары, «Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің мүшелік жарналары мен өзге де көздерден түсетін ақша қаражаттары, сондай-ақ өзге де мүлік «Жас Отан» ЖҚ-ның осы Жарғыда көзделген мақсаттарына бөлінеді.

11.10. «Жас Отан» ЖҚ мен оның бөлімшелері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жауапты болады. «Жас Отан» ЖҚ мен оның бөлімшелерінің ақшалай және өзге де материалдық активтер саласындағы қаржылық есептіліктерінің тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

12. «Жас Отан» ЖҚ-ның бақылау-тексеру органдары

12.1. «Жас Отан» ЖҚ-ның съезі, облыстық, Астана, Алматы қалаларының және қалалық (аудандық) филиалдары өздерінің бақылау-тексеру органдарын сайлайды, олардың саны мен дербес құрамын айқындайды, олар туралы ережені

бекітеді.

12.2. Орталық бақылау-тексеру комиссиясы мен облыстық, Астана, Алматы қалаларының және қалалық (аудандық) филиалдары «Жас Отан» ЖҚ-ның Жарғысын, басшылық органдарының шешімдерін, басшылық органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің қаржы және шаруашылық қызметтерін ұйымдастыруға және оның сақталуына бақылауды жүзеге асыру мақсатында құрылған «Жас Отан» ЖҚ-ның тұрақты жұмыс істейтін бақылау-тексеру органдары болып табылады.

12.3. Орталық бақылау-тексеру комиссиясы, облыстық, Астана, Алматы қалалары және қалалық (аудандық) филиалдарының бақылау-тексеру комиссиялары «Жас Отан» ЖҚ органдарының шаруашылық және қаржы органдарының үстінен бақылау қызметтерін жүзеге асырады және заңнамаға, «Жас Отан» ЖҚ Жарғысына және тексеру комиссиялары ережелері туралы ережелерге сәйкес қолданылады.

12.4. Орталық бақылау-тексеру комиссиясы «Жас Отан» ЖҚ съезіне, облыстық, Астана, Алматы қалалары және қалалық (аудандық) бақылау-тексеру комиссиялары – тиісті жоғарғы басшылыққа және жоғары тұрған бақылау-тексеру органдарына есеп береді.

12.5. Бақылау-тексеру комиссиялары құрылымдық бөлімшелердің қаржы-шаруашылық қызметіне жылына бір рет тексеру жүргізеді.

12.6. «Жас Отан» ЖҚ Ақарушы хатшылығы мен бөлімшелерінің қызметкерлері және тексеру жүргізу кезінде бақылау-тексеру комиссияларының талап етуі бойынша барлық қажетті материалдар мен құжаттарды беруге, сқ түсіндірмелер мен түсініктемелер беруге міндетті.

12.7. Орталық бақылау-тексеру комиссиясын Съезд сайланады.

12.8. Бірінші отырыста бақылау-тексеру комиссиясы Төрағаны және оның орынбасарын бақылау-тексеру комиссиялары мүшелерінің арасынан 2 жыл өкілеттік мерзімге сайлайды.

12.9. Бақылау-тексеру комиссиясының төрағасы:

- Бақылау-тексеру комиссиясының жұмысын басқарады;
- Бақылау-тексеру комиссиясының отырысын шақырады және жүргізеді;
- қаржы-шаруашылық қызметке тексерулер ұйымдастырады;

- Бақылау-тексеру комиссиясының мүшелері арасында міндеттерді бөледі;
- басқа органдардың құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

12.10. Бақылау-тексеру комиссиясының құзыретіне:

- «Жас Отан» ЖҚ басшылық органдарының және құрылымдық бөлімшелерінің қызметін бақылауды ұйымдастыру және жүргізу;
- басшылық органдардың және құрылымдық бөлімшелердің қаржы және шаруашылық қызметіне кешенді тексерулер мен тақырыптық тексерулер жүргізу;
- «Жас Отан» ЖҚ басшылық органдарының және облыстық, Астана, Алматы қалалары филиалдарының жылдық есептерін және бухгалтерлік балансын тексеруді ұйымдастыру және жүргізу;
- «Жас Отан» ЖҚ Жарғысының және басшылық органдарын шешімдерінің орындалуын бақылау;
- тексерулер және тексерістердің нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсыныстар дайындау;
- төмен тұрған бақылау-тексеру органдарына ұсынымдар мен нұсқаулар әзірлеу және олардың қызметін үйлестіру;
- төмен тұрған бақылау-тексеру органдарына әдістемелік және практикалық көмек көрсету;
- Бақылау-тексеру комиссиясының қызметі туралы жыл сайынғы есепті дайындау;
- «Жас Отан» ЖҚ басшылық органдарының және құрылымдық бөлімшелерінің қаржы-шаруашылық қызметіне жыл сайынғы тексерулер жүргізу.

12.11. Орталық бақылау-тексеру комиссиясы өз қызметін жүзеге асыру үшін тәуелсіз сарапшыларды тарта алады.

13. «Жас Отан» ЖҚ-ның Жарғысына және бағдарламалық құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

13.1. «Жас Отан» ЖҚ-ның Жарғысына және бағдарламалық құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселені «Жас Отан» ЖҚ съезінің қарауына Орталық кеңес не Атқарушы хатшы немесе съезге қатысушы делегаттардың жалпы санының кемінде 1/3 бөлігің талабы бойынша енгізіледі.

13.2. «Жас Отан» ЖҚ-ның Жарғысына Съезд қабылдаған өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік тіркелуі тиіс.

14. «Жас Отан» ЖҚ-ны қайта ұйымдастыру және тарату

Қоғамдық бірлестік таратылған жағдайда «Жас Отан» ЖҚ мүлкінің мәселесі

14.1. «Жас Отан» ЖҚ қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөліну, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Създің шешімі бойынша жүргізіледі.

14.2. «Жас Отан» ЖҚ:

Съездің шешімі бойынша;

соттың шешімі бойынша;

өңірлердің кемінде жартысын білдіретін оның мүшелерінің кемінде елу бір пайызының ұсынысы бойынша таратылуы мүмкін.

14.3. «Жас Отан» ЖҚ-ны таратуды Съезд тағайындайтын тарату комиссиясы немес Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне көзделген тәртіппен сот жүргізеді.

14.4. «Жас Отан» ЖҚ таратылған кезде оның материалдық қаражаты және ақшасы осы Жарғыда көзделген мақсаттарға жұмсалады.

14.5. Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімен тиісті жазба енгізілгеннен кейін тарату аяқталған болып, ал «Жас Отан» ЖҚ өз қызметін тоқтатқан болып саналады.

14.6. «Жас Отан» ЖҚ қайта ұйымдастыру заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Қайта ұйымдастырылғаннан кейін қайта құрылған ұйымды тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамалық белгіленген тәртібімен жүзеге асырылады.

15. «Жас Отан» ЖҚ-ның рәмізі

15.1. «Жас Отан» ЖҚ-ның өзінің эмблемасы, гимні, туы, «Жас Отан» ЖҚ мүшесінің омырау белгісі, бланкісі және басқа да атрибуттары болады.

15.2. «Жас Отан» ЖҚ эмблемасы, гимні, туы «Жас Отан» ЖҚ мүшесінің омырау белгісі және басқа атрибуттары Съезде бекітіледі.

15.3. Эмблеманың «Жас Отан» ЖҚ мүшесінің куәлігінде, «Жас Отан» ЖҚ баспа өнімінде және басқа да атрибуттарында болуы міндетті.

15.4. Эмблема: елдің – Қазақстан Республикасы картасының нысанынан тұрады, оның орта бөлігінде «Жас Отан» деген жазу көрсетілген, оның орысша аудармасы - Молодая Отчизна. Эмблема түрлі түсті үш гаммалы: ашық көк – мәңгілікті, адалдықтың, сенімді, рухани және зияткерлік өмірді, жарқын болашақ құруды бейнелейтін ашық аспан; сары – күнді, әлемнің тыныс-тіршілігін, үндестікті және ең таңдаулыны бейнелейтін синтез, жаңару, нық шешім, жасампаздық, жаңа өмір, самғау; қызыл – жылы сезім, махаббат, жылылық, қуаныш, шынайы берілу, күш-қуат.